

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 27 қаңтарда
жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Биыл, Тәуелсіздіктің 30 жылдығында Тәуелсіздіктің халқымызға берген басты игіліктерінің бірі – алыс және жақын шетелдерден қазақтардың Отанға оралуына жол ашылғанына да 30 жыл толмақшы. Еліміз өз еркіндігіне қол жеткізердің алдында, 1991 жылғы 18 қарашада Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандырудың тәртібі мен шарттары туралы» арнайы қаулы қабылдаған болатын.

Миграциялық саясаттың 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында «1991 жылдан бері елге келген этникалық репатрианттардың саны 1 миллион адамнан асты» деп көрсетілген. Алайда, кейінгі жылдарда, нақты айтқанда, 2012 жылдан бастап елден тұрғындардың көшіп кетуі күшеюінің жағымсыз үрдісі басталды, ол үрдіс қазір күшейе түсуде. Соңғы бес жылда (2015-2019 жылдарда) елден 189 765 адам көшіп кеткен, ал көшіп келген этникалық қазақтардың саны 70 933 адам. Айырмасы – 118 832 адам. 2017 жылдан бері миграцияның жыл сайынғы теріс сальдосы минус 30 мың адамдық шектен асып түсті. 2019 жылы Қазақстаннан көшушілердің саны 45 225 адам болды. Жекелеген өңірлерде тұрғындардың депопуляциясы анық сезілуде.

Қазіргі таңда Үкімет қаулысына сәйкес қандастарымыз орналастырылатын өңірлер ретінде Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары бекітілген. Осы жеті облысқа этникалық қазақтардың көшіп келуіне бөлінген квота 2020 жылы 1378 адам болды. 2021 жылға бөлінген квота саны 1426. Өсім жоққа жуық. Қандастарға арналған квотаның мұншама азайып кетуін ештеңемен түсіндіру мүмкін емес. Экономикалық ахуал

анағұрлым күрделі болған кездің өзінде бұл квота жылына 10 мың мен 20 мыңның арасында еді, соның арқасында жылына мемлекеттің көмегімен 40 мыңнан 80 мыңға дейін адам шетелдерден көшіп келетін.

Жұмыс күші артық өңірлерден адамдарды жұмыс күшін қажетсініп тұрған өңірлерге қоныстандыру жұмысы да жөнді жүрмей жатыр. Тұрғын үй бөлу, жеңілдетілген кредиттер беру, жайылымға, егіндікке жер учаскелерін тарату, көшерақы қаражатын қарастыру тиісінше ойластырылмаған. Жаңа өңірге көшіп барудың оңды тәжірибесі дұрыс насихатталмайды. Мұндай үлкен істе болмай қоймайтын кемшіліктерді алаулатып-жалаулатып көрсету, сөйтіп қайта көшіп кетуге бейім көңіл-күйді күшейту, басқа жерге барып, бағын сынаушылардың сағын салған беттен сындыру басым. Туған жер ұғымының кеңдігін, «туған жер» мен «Отан» ұғымдары ортақ екендігін жүректерге жеткізу жағы кемшін.

Қандастарды бюджетке қосымша салмақ түсіретін жүктеме ретінде қарайтын тар пиғылды түзетпейінше бұл істе, тәуелсіздікті тұғырландырудың стратегиялық ісінде нақты серпіліс жасай алмаймыз. Көші-қон туралы заңнамаға сәйкес қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасын өкілетті орган жергілікті атқару органдарының ұсынысы бойынша белгілейді. Демек, жергілікті атқару органдарына бұл ретте құқықтық тұрғыдан шектеу қойылмаған. Жергілікті атқару органдарына қандастарды бейімдеу мен кіріктіру орталықтарын ашу мүмкіндігі берілгеніне қарамастан, солтүстік өңірлердегі бірде-бір әкімдік мұны жасаған емес. Қандастардың тіл білмеуі құжаттарды ресімдеуде көп қиындық келтіруде. Солтүстік, шығыс өңірлердегі мемлекеттік мекемелер мамандарының дені қазақ тілін еркін меңгермеген, мемлекеттік қызметтің негізінен орыс тілінде атқарылатындығы да елім деп, жерім деп келген қандастарды кеудесінен итергендей етіп тұрады.

Қандастарымыздың қатарын қалыңдату – тағдыршешті мәселелердің бірі. Осыны еске сала келіп, біздің депутаттық сауалымызға байланысты Үкіметтің елдегі миграциялық және демографиялық процестерді тұрақтандыру мақсатымен қандастарға бөлінетін квотаның көлемін көбейту, бейімдеу мен кіріктіру орталықтарын құру, репатрианттарға мемлекеттік қызметті қазақ тілінде көрсету, жұмыс күші артық өңірлерден адамдарды солтүстіктегі өңірлерге қоныстандыру сияқты мәселелердің шешілу жолдарын қарастыруды, атқарылып жатқан, атқарылатын шаруадан заңда белгіленген тәртіп бойынша жан-жақты хабардар етуді сұраймыз.

Миграциялық саясаттың 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасының мерзімі биыл бітетіндігіне орай жаңа талаптарға сай келетін жаңа тұжырымдама бекіту де кезек күттірмейді.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева**

**Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов**

**Мәжіліс депутаты - Nur Otan партиясы
Фракциясының мүшесі**

Ә. Әбсеметова

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Мамину А.У.**

Оглашен
27 января 2021 года

Депутатский запрос

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

В этом году, в год 30-летия Независимости, также исполняется 30 лет со дня начала возвращения казахов из ближнего и дальнего зарубежья на Родину. До обретения нашей страной своего суверенитета, 18 ноября 1991 года Кабинет Министров Казахской ССР принял специальное постановление «О порядке и условиях переселения в Казахскую ССР лиц коренной национальности, изъявивших желание работать в сельской местности, из других республик и зарубежных стран».

В Концепции миграционной политики на 2017-2021 годы отмечается, что «Начиная с 1991 года число прибывших этнических репатриантов, превысило 1 миллион». Однако, с 2012 года наблюдается негативная тенденция оттока населения, которая сохраняется и даже усиливается до сих пор. За последние 5 лет (2015-2019 гг) из страны эмигрировало 189 765 человек, а иммигрировало 70 933 этнических казахов. Разница составляет 118 832 человек. С 2017 года ежегодное отрицательное сальдо миграции превысило минус 30 тысяч человек. В 2019 году из страны эмигрировали 45 225 человек. В отдельных регионах очевидным становится депопуляция населения.

В настоящее время в соответствии с постановлением Правительства для расселения соотечественников определены: Акмолинская, Атырауская, Восточно-Казахстанская, Западно-Казахстанская, Костанайская, Павлодарская, Северо-Казахстанская области. Региональная квота на эти 7 областей в 2020 году составила 1378, в 2021 году – 1426 человек. Рост незначительный. Такое столь резкое уменьшение квоты для соотечественников объяснить невозможно. Даже при значительно сложной экономической ситуации данная квота колебалась от 10-ти до 20 тысяч семей, благодаря чему с помощью государства от 40-ка до 80-ти тысяч человек в год прибывало из-за рубежа.

Не на должном уровне предпринимаются меры по расселению людей из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы. Недостаточно продуманы вопросы обеспечения жильем, предоставления льготных кредитов, земельных участков под пастбища и посевные, подъемные и другие компенсационные выплаты. Недостаточна, на наш взгляд, проводится работа по разъяснению положительного опыта по переселению в новые регионы. В таком большом деле внимание сфокусировано в основном на недостатках, что приводит к усилению настроений по

возвращению переселенцев. Следует больше разъяснять, доносить до сердец людей, что понятия «родная земля» и «родина» неразделимы.

Пока мы не поменяем отношение к соотечественникам как к лишней нагрузке на бюджет государства, будет сложно добиться какого-либо прорыва в этом поистине стратегическом деле укрепления Независимости. В соответствии с Законом о миграции, региональная квота приема кандасов устанавливается уполномоченным органом на основании предложений местных исполнительных органов. Значит, местные исполнительные органы не стеснены правовыми или какими-либо другими ограничениями. Несмотря на то, что местные исполнительные органы имеют возможность открывать центры адаптации и интеграции репатриантов, ни в одном из акиматов северных регионов этого не сделано. Незнание языка соотечественниками создает трудности в оформлении документов. Специалисты государственных учреждений северных и восточных регионов не владеют казахским языком на достаточном уровне, государственные услуги оказываются в основном на русском языке, что приводит к возникновению непонимания и усложнению процессов.

В связи с нашим депутатским запросом в целях стабилизации миграционных и демографических процессов в стране просим Правительство предусмотреть меры по увеличению квоты для кандасов, созданию центров адаптации и интеграции репатриантов, оказанию государственных услуг репатриантам на казахском языке, по расселению людей из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы, проинформировать нас о проводимой работе в порядке, установленном законодательством. По причине окончания срока действия Концепции миграционной политики на 2017-2021 годы не требует своего отлагательства вопрос об утверждении новой редакции концепции в соответствии с требованиями дня.

С уважением,

**депутаты, избранные в Мажилис
Парламента от Ассамблеи народа Казахстана**

**С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов
А. Абсеметова**

**Депутат Мажилиса- член Фракции
партии Nur Otan**

А. Абенова 74-62-52